Қазақстан Республикасының
Президенті
# ЖАРЛЫҚ

Президент
Республики Казахстан
# УКАЗ

Қазақстан Республикасы Президенті
мен Үкіметі актілерінің жинағында және
республикалық баспасөзде жариялануға тиіс

**«Мемлекеттік қызметтің кадр резерві туралы»
Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 4 желтоқсандағы
№ 1243 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы**

«Мемлекеттік қызмет туралы» 1999 жылғы 23 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабын іске асыру мақсатында **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. «Мемлекеттік қызметтің кадр резерві туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 4 желтоқсандағы № 1243 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2003 ж., № 47, 524-құжат; 2004 ж., № 21, 265-құжат; 2006 ж., № 1, 1-құжат; 2007 ж., № 43, 499-құжат; 2008 ж., № 20, 182-құжат; № 42, 465-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

2-тармақ алып тасталсын;

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Мемлекеттік қызметтің кадр резерві туралы ереже осы Жарлыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы Жарлық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап, бірақ 2013 жылғы 26 наурыздан ерте емес, қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының
Президенті** **Н.Назарбаев**

Астана, Ақорда, 2013 жылғы 22 наурыз

№ 525

Көшірме жасауға тыйым салынады. Снятие копии запрещается.
06192

Қазақстан Республикасы
Президентінің
2013 жылғы 22 наурыздағы
№ 525 Жарлығымен
БЕКІТІЛГЕН

## Мемлекеттік қызметтің кадр резерві туралы ЕРЕЖЕ

Мемлекеттік қызметтің кадр резерві туралы осы ереже мемлекеттік әкімшілік қызметтің кадр резервін қалыптастыру және онымен жұмысты ұйымдастыру тәртібін регламенттейді.

### 1. «А» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметінің кадр резерві

1. «А» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметінің кадр резерві (бұдан әрі – «А» корпусының кадр резерві) – «А» корпусының бос мемлекеттік лауазымдарына орналасуға үміткер Қазақстан Республикасы азаматтарының Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қалыптастырылған жүйеленген тізімі.

«А» корпусының кадр резервін мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті орган «А» корпусының кадр резервіне алу үшін Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Кадр саясаты жөніндегі ұлттық комиссия (бұдан әрі – Ұлттық комиссия) ұсыным берген азаматтар қатарынан қалыптастырады.

2. Лауазымынан босатылған «А» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшісі босатылған күнінен бастап бір жылға Ұлттық комиссияның шешімі бойынша кадр резервіне алынады. Лауазымынан теріс себептермен босатылған «А» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшісі кадр резервіне алынбайды.

3. «А» корпусының кадр резервіне іріктеу және «А» корпусының бос лауазымдарына орналасуға конкурстық іріктеу Қазақстан Республикасының Президенті айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады.

4. Лауазымдары «А» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына өзгертілген мемлекеттік қызметшілер «А» корпусының кадр резервіне Қазақстан Республикасының Президенті бекітетін Мемлекеттік қызмет өткеру тәртібі туралы ережеде айқындалатын тәртіппен, Ұлттық комиссияның шешімі бойынша алынады.

5. «А» корпусының кадр резервінен шығару үшін:

1) «А» корпусының кадр резервіне алынған адамның өтініш беруі;

2) осы Ереженің 2-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, «А» корпусының кадр резервіне алынған күнінен бастап екі жыл өтуі;

3) «А» корпусының резервшісінің көрінеу жалған мәлімет бергенін және құжаттарды бұрмалағанын айғақтайтын фактілердің анықталуы;

4) «А» корпусының кадр резервіне алу туралы шешім қабылдау сәтінде беймәлім болған немесе орын алмаған, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес азаматтардың мемлекеттік қызметте болуын шектейтін негіздердің туындауы;

5) мемлекеттік әкімшілік қызметшілер атқаратын лауазымынан теріс себептер бойынша босатылған;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда, оның ішінде тәртіптік істерді, мемлекеттік органдар өткізген бағалау материалдарын қарау нәтижелері бойынша Ұлттық комиссияның ұсынымдары негіз болып табылады.

## 2. «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметінің кадр резерві

### 2.1. Жалпы ережелер

6. «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметінің кадр резерві (бұдан әрі – «Б» корпусының кадр резерві) – «Б» корпусының бос мемлекеттік лауазымдарына орналасуға үміткер Қазақстан Республикасы азаматтарының Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қалыптастырылған жүйеленген тізімі.

7. Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті орган және оның аумақтық органдары «Б» корпусының кадр резервіне алу туралы шешім қабылдаған сәттен бастап, резервке алу туралы өтініш берген азамат «Б» корпусының кадр резервінде тұратын адам (бұдан әрі - резервші) мәртебесіне ие болады. Мемлекеттік әкімшілік қызметтің кадр резервінде тұру бір жылдан ұзаққа созылмайды.

Резервшілерді «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметі лауазымдарының тиісті немесе төменгі санаты лауазымына тағайындау лауазымдар санаттарының бір тобы шегінде жүзеге асырылады.

Резервшілерді тағайындау «Б» корпусының кадр резервіне алынған күнінен бастап бір жыл ішінде өздерінің келісімімен және біліктілік талаптарына сай болғанда жүзеге асырылады.

8. «Б» корпусының кадр резервін мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті орган және оның аумақтық органдары:

1) конкурстық іріктеуге қатысқан және мемлекеттік органның конкурстық комиссиясы кадр резервіне алу үшін ұсыным берген;

2) Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы білім беру

ұйымдарында мемлекеттік тапсырыс негізінде жоғары оқу орнынан кейінгі білім бағдарламалары бойынша оқудан өткен;

3) Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия айқындайтын басым мамандықтар бойынша шетелдің жоғары оқу орындарын аяқтаған;

4) мемлекеттік органдар халықаралық ұйымдарға немесе басқа мемлекеттерге жұмысқа жіберген азаматтардың қатарынан қалыптастырады.

9. «Б» корпусының кадр резерві Мемлекеттік қызметшілер лауазымдарының тізіліміне сәйкес «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарының әрбір санаты үшін қалыптастырылады.

10. «Б» корпусының кадр резервіне алу азаматтардың өзінің ерікті қалауы негізінде, осы Ережеде белгіленген тәртіппен мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органның немесе оның аумақтық органдарының шешімімен жүзеге асырылады.

11. Резервші жөніндегі деректерді мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті орган және оның аумақтық органдары жүйеленген тізімге енгізеді және мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті орган бекіткен тиісті тіркеу нысандарын толтырады.

12. Мемлекеттік органның конкурстық комиссиясының ұсынымы бойынша «Б» корпусының кадр резервіне алынған резервші конкурстық комиссиясы оны алуға ұсынған мемлекеттік органға ғана «Б» корпусының кадр резервінен конкурстан тыс тәртіпте тағайындалады.

Резервшінің заңнамада белгіленген тәртіппен «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметінің бос лауазымына орналасуға конкурсқа қатысу құқығы сақталады.

13. Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органның және оның аумақтық органдарының резервші біліктілік талаптарына сай болған жағдайда өз өтініші бойынша оны лауазымдар санатының бір тобы шегінде төменгі санаттағы лауазымдарға орналасу үшін «Б» корпусының кадр резервіне ауыстыруға құқығы бар.

14. «Б» корпусының кадр резервімен жұмысты ұйымдастыру мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органға және оның аумақтық органдарына жүктеледі.

15. Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті орган мен оның аумақтық органдарының «Б» корпусының кадр резервімен жұмысты ұйымдастыру жөніндегі өзара іс-қимыл тәртібін мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті орган айқындайды.

### 2.2. «Б» корпусының кадр резервін конкурстық іріктеуге қатысқан азаматтар қатарынан қалыптастыру

16. «Б» корпусының кадр резервіне алу үшін мемлекеттік органның конкурстық комиссиясы ұсынған азаматтар «Б» корпусының кадр резервіне

конкурс жарияланған лауазым санаты бойынша алынады.

«Б» корпусының кадр резервіне алу туралы мемлекеттік органның конкурстық комиссиясы ұсынымдары әрбір бос лауазым үшін бір кандидаттан артық болмайтындай етіп шығарылады.

Егер конкурстың нәтижесінде бос лауазымға орналасуға кандидат анықталмаса, конкурсқа қатысушылардың ешқайсысына «Б» корпусының кадр резервіне алу үшін ұсыным берілмейді.

17. «Б» корпусының кадр резервіне алу туралы ұсыным үшін негіздер конкурсқа қатысушының бос лауазым үшін қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігі, шекті мәнді қанағаттандыратын тестілеу көрсеткіштері мен мемлекеттік органның конкурстық комиссиясы жүргізген әңгімелесудің нәтижелері болып табылады.

18. «Б» корпусының кадр резервіне алу үшін ұсыным жасау туралы шешімді мемлекеттік органның конкурстық комиссиясы дауыс беру арқылы қабылдайды.

19. Мемлекеттік органның конкурстық комиссиясының шешімі, егер отырысқа оның құрамының кемінде үштен екісі қатысқан және мемлекеттік органның конкурстық комиссиясының қатысып отырған мүшелерінің көпшілігі оны қолдап дауыс берген болса, заңды деп есептеледі. Комиссия мүшелерінің қатысуы ауысу құқығынсыз жүзеге асады.

Комиссия мүшелерінің сырттай дауыс беруіне рұқсат етілмейді.

20. «Б» корпусының кадр резервіне алу үшін конкурс өткізуші мемлекеттік орган он жұмыс күні ішінде мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органға және оның аумақтық органдарына конкурстық комиссия отырысының «Б» корпусының кадр резервіне алуға ұсыным жасау жөніндегі хаттамасынан үзіндіні, конкурсқа қатысушының жеке іспарағын және оның «Б» корпусының кадр резервіне алынуға жазбаша келісімін ұсынады.

21. Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті орган және оның аумақтық органдары осы Ереженің 20-тармағында көрсетілген құжаттарды алғаннан кейін жеті жұмыс күні ішінде «Б» корпусының кадр резервіне алу немесе мұндай алудан бас тарту туралы шешім қабылдайды. Бас тарту үшін негіздер конкурсқа қатысушының осы Ереженің 17-тармағының талаптарына сай болмауы немесе мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті орган бекіткен Мемлекеттік әкімшілік бос лауазымға орналасуға конкурс өткізу қағидаларының бұзылуы болып табылады

## 2.3. «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметінің кадр резервін Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы білім беру ұйымдарында мемлекеттік тапсырыс негізінде жоғары оқу орнынан кейінгі білім бағдарламалары бойынша оқудан өткен немесе басым мамандықтар бойынша шетелдің жоғары оқу орындарын аяқтаған азаматтар қатарынан қалыптастыру

22. Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы білім беру ұйымдарында мемлекеттік тапсырыс негізінде жоғары оқу орнынан кейінгі бағдарламалары бойынша оқудан өткен немесе басым мамандықтар бойынша шетелдің жоғары оқу орындарын аяқтаған азаматтар үшін «Б» корпусының лауазымдары тиісті санаттарының кадр резервіне алыну құқығы оқуды аяқтаған сәттен бастап туындайды.

23. Осы Ереженің 22-тармағында санамаланған азаматтарды «Б» корпусының кадр резервіне алу олар мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті орган белгілеген тәртіппен тестілеуден өткеннен кейін жүзеге асырылады.

24. Осы Ереженің 22-тармағында аталған азаматтар «Б» корпусының кадр резервіне алыну үшін мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органға немесе оның аумақтық органдарына мынадай құжаттар ұсынады:

1) өтініш және мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша толтырылған сауалнама;

2) білімі туралы құжаттардың көшірмелері немесе оқуды аяқтағанын растайтын құжаттардың түпнұсқалары, ал шетелдің оқу орнын аяқтаған жағдайда сонымен бірге білімі туралы құжаттардың немесе оқуды аяқтағанын растайтын құжаттардың нотариат куәландырған аудармасы;

3) еңбек қызметін растайтын, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген құжаттардың көшірмелері;

4) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілеген нысандағы денсаулық жағдайы туралы анықтама;

5) «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметі лауазымдарының тиісті санаты үшін белгіленген тестілеуден өту нәтижелері;

6) 3х4 см көлемдегі бір фотосурет.

Азаматтар салыстыруды жүзеге асыру үшін 2) және 3) тармақшаларда көрсетілген құжаттардың түпнұсқаларын ұсынады, кейін құжаттар азаматқа қайтарылады.

25. Азаматтар өздерінің біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейі мен жеке бас қасиетіне қатысты қосымша ақпарат (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар берілуі туралы құжаттардың көшірмелері, мінездемелер, ұсынымдар, ғылыми жарияланымдар) ұсына алады. Егер азамат еңбек қызметін жүзеге асырмаған жағдайда, еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмелерін ұсыну талап етілмейді.

26. Осы Ереженің 24-тармағында көзделген өтініш және құжаттар түскен сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті орган немесе оның аумақтық органы азаматты «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметі лауазымының тиісті санатына «Б» корпусының кадр резервіне алу немесе мұндай алудан бас тарту туралы шешім қабылдайды.

27. «Б» корпусының кадр резервіне алудан бас тарту үшін негіздер «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымының тиісті санатына қойылатын үлгілік біліктілік талаптарына, Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы заңнамасының талаптарына сай болмауы, тестілеуде мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті орган белгілеген шекті мәннен төмен нәтижелер алуы немесе осы Ереженің 24-тармағында көрсетілген құжаттардың ұсынылмауы болып табылады.

## 2.4. Мемлекеттік органдар халықаралық ұйымдарға немесе басқа мемлекеттерге жұмысқа жіберген азаматтардан мемлекеттік әкімшілік қызметтің кадр резервін қалыптастыру

28. Мемлекеттік органдар халықаралық ұйымдарға немесе басқа мемлекеттерге жұмысқа жіберген азаматтың «Б» корпусының кадр резервіне алыну құқығы халықаралық ұйымдардан немесе басқа мемлекеттерден жұмыстан оралған сәттен бастап туындайды және қайтып оралғаннан кейін үш ай ішінде сақталады.

29. Осы Ереженің 28-тармағында санамаланған азаматтарды «Б» корпусының кадр резервіне алу олар мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті орган белгілеген тәртіппен тестілеуден өткеннен кейін жүзеге асырылады.

30. Осы Ереженің 28-тармағында аталған азаматтар «Б» корпусының кадр резервіне алыну үшін мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органға немесе оның аумақтық органына мынадай құжаттар ұсынады:

1) өтініш және мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша толтырылған сауалнама;

2) білімі туралы құжаттардың көшірмелері немесе оқуды аяқтағанын растайтын құжаттардың түпнұсқалары, ал шетелдің оқу орнын аяқтаған жағдайда сонымен бірге білімі туралы құжаттардың немесе оқуды аяқтағанын растайтын құжаттардың нотариат куәландырған аудармасы;

3) еңбек қызметін растайтын, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген құжаттардың көшірмелері;

4) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгіленген нысандағы денсаулық жағдайы туралы анықтама;

5) «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметі лауазымдарының тиісті санаты үшін белгіленген тестілеуден өту нәтижелері;

6) 3х4 см көлемдегі бір фотосурет.

Азаматтар салыстыруды жүзеге асыру үшін 2) және 3) тармақшаларда көрсетілген құжаттардың түпнұсқаларын ұсынады, кейін құжаттар азаматқа қайтарылады.

31. Азаматтар өздерінің біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейі мен жеке бас қасиетіне қатысты қосымша ақпарат (біліктілігін арттыру,

ғылыми дәрежелер мен атақтар берілуі туралы құжаттардың көшірмелері, мінездемелер, ұсынымдар, ғылыми жарияланымдар) ұсына алады.

32. Осы Ереженің 30-тармағында көзделген өтініш және құжаттар түскен сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті орган немесе оның аумақтық органы «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметі лауазымдарының тиісті санатына «Б» корпусының кадр резервіне алу немесе мұндай алудан бас тарту туралы шешім қабылдайды.

33. «Б» корпусының кадр резервіне алудан бас тарту үшін негіздер «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарының тиісті санатына қойылатын үлгілік біліктілік талаптарына, Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы заңнамасының талаптарына сай болмауы, тестілеуде мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті орган белгілеген шекті мәннен төмен нәтижелер алуы немесе осы Ереженің 30-тармағында көрсетілген құжаттардың ұсынылмауы болып табылады.

## 2.5. «Б» корпусының кадр резервіне алынған азаматтардың мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға орналасуы

34. Бос мемлекеттік әкімшілік лауазым бар мемлекеттік орган конкурс өткізгенге дейін тиісті санатқа резервшілердің тізімін беру туралы мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органға немесе оның аумақтық органына сұрату жолдайды. Сұрату мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті орган бекіткен нысанда жолданады.

35. Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті орган немесе оның аумақтық органы сұратуды алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде мемлекеттік әкімшілік қызмет лауазымдарының сұратылған санатына қойылатын біліктілік талаптарына сай келетін резервшілердің тізбесін жолдайды.

36. Мемлекеттік орган резервшімен әңгімелесу өткізеді.

Мемлекеттік орган резервшілерге әңгімелесу өткізу орны мен уақыты туралы оны өткізгенге дейінгі бес жұмыс күнінен кешіктірмей хабарлайды, «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметінің аталған лауазымының функционалдық міндеттеріне сәйкес келетін сұрақтар тізбесін бекітеді.

37. Мемлекеттік орган бос мемлекеттік әкімшілік лауазымға резервшіні орналастыру туралы шешім қабылдау кезінде осы мемлекеттік органның конкурстық комиссиясының ұсынымы бойынша «Б» корпусының кадр резервіне бұрын алынған адамдардың кандидатураларын бірінші кезекте қарайды.

Аталған мемлекеттік органның конкурстық комиссиясының ұсынымы бойынша кадр резервіне алынған резервші бос мемлекеттік әкімшілік лауазымға мемлекеттік орган белгілеген біліктілік талаптарына сәйкес келген жағдайда, мемлекеттік орган осы резервшіні лауазымға қабылдауға

міндетті.

Егер «Б» корпусының кадр резервінде белгіленген біліктілік талаптарына сәйкес келетін бір резервшіден көбірек адам тұрған жағдайда, әңгімелесу кезінде неғұрлым көп сұраққа жауап берген резервші лауазымға тағайындалады.

38. «Б» корпусының кадр резервінде осы Ереженің 37-тармағында көрсетілген резервшілер болмаған жағдайда, мемлекеттік орган белгіленген біліктілік талаптарына сәйкес келетін басқа резервшілермен әңгімелесу өткізеді. Бұл ретте әңгімелесу кезінде неғұрлым көп сұраққа жауап берген резервші лауазымға тағайындалады.

39. «Б» корпусының кадр резервінде лауазымдардың осы санаты бойынша немесе бос мемлекеттік әкімшілік лауазымға мемлекеттік орган белгілеген біліктілік талаптарына сәйкес келетін резервшілер болмаған жағдайда мемлекеттік орган конкурс өткізеді.

40. Мемлекеттік орган қабылданған шешім туралы мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органды немесе оның аумақтық органын резервшілер тізімін алған күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде хабардар етуге міндетті.

41. Бос мемлекеттік әкімшілік лауазымға орналасу жөніндегі жоғарыда көрсетілген шешім туралы жазбаша хабарламаның негізінде мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті орган немесе оның аумақтық органы «Б» корпусының кадр резервіне тиісті өзгерістер енгізеді. Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті орган немесе оның аумақтық органы мемлекеттік орган таңдаған резервшіні хабардар етеді, оның жеке ісін мемлекеттік органға жолдайды.

42. Резервшінің мемлекеттік қызметке кіруі Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен және Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы заңнамасында белгіленген талаптар сақтала отырып жүзеге асырылады.

### 2.6. «Б» корпусының кадр резервінен шығару

43. Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті орган және оның аумақтық органдары азаматтарды «Б» корпусының кадр резервінен шығаруды:

1) резервші мемлекеттік қызметтің бос әкімшілік лауазымына орналасқан;

2) резервші «Б» корпусының кадр резервінен шығу туралы өтініш берген;

3) «Б» корпусының кадр резервіне алу туралы шешім қабылдау сәтінде беймәлім болған немесе орын алмаған, Қазақстан Республикасының

заңнамасына сәйкес азаматтардың мемлекеттік қызметте болуын шектейтін негіздер туындаған;

4) осы Ереженің 7-тармағында көрсетілген мерзім өткен;

5) бос мемлекеттік әкімшілік лауазымға орналасуға конкурс өткізу тәртібі бұзылған;

6) «Б» корпусының кадр резервіне алудың осы Ережеде белгіленген тәртібі мен шарттары бұзылған жағдайларда жүзеге асырады.

44. Мемлекеттік әкімшілік қызметтің кадр резервінің азаматтар алынған лауазымдар санаты өзгерген жағдайда олардың «Б» корпусы мемлекеттік әкімшілік лауазымына тағайындалуы жаңадан белгіленген санат бойынша жүзеге асырылады. Тағайындау мемлекеттік әкімшілік қызметтің кадр резервіне алынған күннен бастап бір жыл ішінде резервшілердің келісімімен және олар біліктілік талаптарына сай болған жағдайда жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының
Президенті
ЖАРЛЫҒЫ

Президент
Республики Казахстан
УКАЗ

Подлежит опубликованию в Собрании
актов Президента и Правительства Республики
Казахстан и республиканской печати

**О внесении изменений в Указ Президента Республики Казахстан от 4 декабря 2003 года № 1243 «О кадровом резерве государственной службы»**

В целях реализации статьи 14 Закона Республики Казахстан от 23 июля 1999 года «О государственной службе» **ПОСТАНОВЛЯЮ**:

1. Внести в Указ Президента Республики Казахстан от 4 декабря 2003 года № 1243 «О кадровом резерве государственной службы» (САПП Республики Казахстан, 2003 г., № 47, ст. 524; 2004 г., № 21, ст. 265; 2006 г., № 1, ст. 1; 2007 г., № 43, ст. 499; 2008 г., № 20, ст. 182, № 42, ст. 465) следующие изменения:

пункт 2 исключить;

Положение о кадровом резерве государственной службы, утвержденное вышеназванным Указом, изложить в новой редакции согласно приложению к настоящему Указу.

2. Настоящий Указ вводится в действие со дня первого официального опубликования, но не ранее 26 марта 2013 года.

**Президент**
**Республики Казахстан** **Н.Назарбаев**

Астана, Акорда, 22 марта 2013 года
№ 525

06193 Көшірме жасауға тыйым салынады. Снятие копий запрещается.

УТВЕРЖДЕНО
Указом Президента
Республики Казахстан
от 22 марта 2013 года
№ 525

# ПОЛОЖЕНИЕ
## о кадровом резерве государственной службы

Настоящее Положение о кадровом резерве государственной службы регламентирует порядок формирования и организации работы с кадровым резервом административной государственной службы.

## 1. Кадровый резерв административной государственной службы корпуса «А»

1. Кадровый резерв административной государственной службы корпуса «А» (далее – кадровый резерв корпуса «А») - сформированный в установленном законодательством Республики Казахстан порядке систематизированный список граждан Республики Казахстан, претендующих на занятие вакантных государственных должностей корпуса «А».

Кадровый резерв корпуса «А» формируется уполномоченным органом по делам государственной службы из числа граждан, рекомендованных Национальной комиссией по кадровой политике при Президенте Республики Казахстан (далее – Национальная комиссия) для зачисления в кадровый резерв корпуса «А».

2. Уволенный с должности административный государственный служащий корпуса «А» зачисляется по решению Национальной комиссии в кадровый резерв на один год со дня увольнения. Административный государственный служащий корпуса «А», уволенный с должности по отрицательным мотивам, зачислению в кадровый резерв не подлежит.

3. Отбор в кадровый резерв корпуса «А» и конкурсный отбор на занятие вакантных должностей корпуса «А» осуществляются в порядке, определяемом Президентом Республики Казахстан.

4. Государственные служащие, должности которых преобразованы в административные государственные должности корпуса «А», зачисляются в кадровый резерв корпуса «А» по решению Национальной комиссии в порядке, определяемом Положением о порядке прохождения государственной службы, утверждаемым Президентом Республики Казахстан.

5. Основаниями для исключения из кадрового резерва корпуса «А» являются:

1) подача заявления лицом, включенным в кадровый резерв корпуса «А»;

2) истечение двух лет со дня зачисления в кадровый резерв корпуса «А», за исключением случаев, предусмотренных пунктом 2 настоящего Положения;

3) выявление фактов представления резервистом корпуса «А» заведомо ложных сведений и фальсификации документов;

4) возникновение оснований, не известных или отсутствовавших на момент принятия решения о зачислении в кадровый резерв корпуса «А», ограничивающих пребывание граждан на государственной службе в соответствии с законодательством Республики Казахстан;

5) освобождение административных государственных служащих от занимаемой должности по отрицательным мотивам;

6) рекомендации Национальной комиссии в случаях, предусмотренных законодательством Республики Казахстан, в том числе по результатам рассмотрения дисциплинарных дел, материалов оценки, проведенной государственными органами.

## 2. Кадровый резерв административной государственной службы корпуса «Б»

### 2.1. Общие положения

6. Кадровый резерв административной государственной службы корпуса «Б» (далее – кадровый резерв корпуса «Б») – сформированный в установленном законодательством Республики Казахстан порядке систематизированный список граждан Республики Казахстан, претендующих на занятие вакантных государственных должностей корпуса «Б».

7. С момента принятия уполномоченным органом по делам государственной службы и его территориальными органами решения о зачислении в кадровый резерв корпуса «Б» гражданин, подавший заявление о зачислении в резерв, приобретает статус лица, состоящего в кадровом резерве корпуса «Б» (далее – резервист). Пребывание в кадровом резерве административной государственной службы длится не более одного года.

Назначение резервистов на должности соответствующей или нижестоящей категории должностей административной государственной службы корпуса «Б» осуществляется в пределах одной группы категорий должностей.

Назначение осуществляется в течение года со дня зачисления в кадровый резерв корпуса «Б» с согласия резервистов и при условии соответствия их квалификационным требованиям.

8. Кадровый резерв корпуса «Б» формируется уполномоченным органом по делам государственной службы и его территориальными органами из числа граждан:

1) принявших участие в конкурсном отборе и рекомендованных конкурсной комиссией государственного органа для зачисления в кадровый резерв;

2) прошедших обучение по программам послевузовского образования на основании государственного заказа в организациях образования при Президенте Республики Казахстан;

3) окончивших зарубежные высшие учебные заведения по приоритетным специальностям, определяемым Республиканской комиссией по подготовке кадров за рубежом;

4) направленных государственными органами на работу в международные организации или другие государства.

9. Кадровый резерв корпуса «Б» формируется в соответствии с Реестром должностей государственных служащих для каждой категории административных государственных должностей корпуса «Б».

10. Зачисление в кадровый резерв корпуса «Б» осуществляется на основе добровольного волеизъявления граждан решением уполномоченного органа по делам государственной службы или его территориальными органами в порядке, установленном настоящим Положением.

11. Уполномоченный орган по делам государственной службы и его территориальные органы вносят данные о резервисте в систематизированный список, заполняют соответствующие формы регистрации, утвержденные уполномоченным органом по делам государственной службы.

12. Резервист, зачисленный в кадровый резерв корпуса «Б» по рекомендации конкурсной комиссии государственного органа, назначается из кадрового резерва корпуса «Б» во внеконкурсном порядке только в государственный орган, конкурсная комиссия которого рекомендовала его к зачислению.

За резервистом сохраняется право участвовать в конкурсе на занятие вакантной должности административной государственной службы в установленном законодательством порядке.

13. Уполномоченный орган по делам государственной службы и его территориальные органы имеют право по заявлению резервиста перевести его в кадровый резерв корпуса «Б» для занятия должностей нижестоящей категории в пределах одной группы категорий должностей при условии его соответствия квалификационным требованиям.

14. Организация работы с кадровым резервом корпуса «Б» возлагается на уполномоченный орган по делам государственной службы и его территориальные органы.

15. Порядок взаимодействия уполномоченного органа по делам государственной службы и его территориальных органов по организации работы с кадровым резервом корпуса «Б» определяется уполномоченным органом по делам государственной службы.

**2.2. Формирование кадрового резерва корпуса «Б» из числа граждан, принявших участие в конкурсном отборе**

16. Граждане, рекомендованные конкурсной комиссией государственного органа для зачисления в кадровый резерв корпуса «Б», зачисляются в кадровый резерв корпуса «Б» по той категории должности, на которую был объявлен конкурс.

Рекомендации конкурсной комиссии государственного органа о зачислении в кадровый резерв корпуса «Б» выносятся в отношении не более одного кандидата для каждой вакантной должности.

Если в результате конкурса не был выявлен кандидат для занятия вакантной должности, никто из участников конкурса не может быть рекомендован для зачисления в кадровый резерв корпуса «Б».

17. Основаниями для рекомендации к зачислению в кадровый резерв корпуса «Б» являются соответствие участника конкурса квалификационным требованиям для вакантной должности, результаты тестирования, удовлетворяющие пороговым значениям, и собеседования, проведенного конкурсной комиссией государственного органа.

18. Решение о рекомендации для зачисления в кадровый резерв корпуса «Б» принимается конкурсной комиссией государственного органа путем голосования.

19. Решение конкурсной комиссии государственного органа считается правомочным, если на заседании присутствовало не менее двух третей от ее состава и за него проголосовало большинство присутствующих членов конкурсной комиссии государственного органа. Участие в конкурсной комиссии осуществляется без права замены.

Заочное голосование членов комиссии не допускается.

20. Для зачисления в кадровый резерв корпуса «Б» государственный орган, проводивший конкурс, предоставляет в течение десяти рабочих дней в уполномоченный орган по делам государственной службы и его территориальные органы выписку из протокола заседания конкурсной комиссии с рекомендацией о зачислении в кадровый резерв корпуса «Б», личное дело участника конкурса и его письменное согласие быть зачисленным в кадровый резерв корпуса «Б».

21. Уполномоченный орган по делам государственной службы и его территориальные органы в течение семи рабочих дней после получения

документов, указанных в пункте 20 настоящего Положения, принимает решение о зачислении в кадровый резерв корпуса «Б» или отказе в таком зачислении. Основаниями для отказа являются несоответствие участника конкурса требованиям пункта 17 настоящего Положения или нарушение Правил проведения конкурса на занятие вакантной административной государственной должности, утвержденных уполномоченным органом по делам государственной службы.

## 2.3. Формирование кадрового резерва корпуса «Б» из числа граждан, прошедших обучение по программам послевузовского образования на основании государственного заказа в организациях образования при Президенте Республики Казахстан или закончивших зарубежные высшие учебные заведения по приоритетным специальностям

22. Право быть зачисленными в кадровый резерв корпуса «Б» соответствующих категорий должностей для граждан, прошедших обучение по программам послевузовского образования на основании государственного заказа в организациях образования при Президенте Республики Казахстан или закончивших зарубежные высшие учебные заведения по приоритетным специальностям, возникает с момента завершения обучения.

23. Зачисление в кадровый резерв корпуса «Б» граждан, перечисленных в пункте 22 настоящего Положения, осуществляется после прохождения ими тестирования в установленном уполномоченным органом по делам государственной службы порядке.

24. Для зачисления в кадровый резерв корпуса «Б» граждане, указанные в пункте 22 настоящего Положения, подают в уполномоченный орган по делам государственной службы или его территориальные органы следующие документы:

1) заявление и заполненную анкету по форме, установленной уполномоченным органом по делам государственной службы;

2) копии документов об образовании либо оригиналы документов, подтверждающих завершение обучения, а в случае завершения зарубежного учебного заведения представляется также нотариально заверенный перевод документов об образовании или документов, подтверждающих завершение обучения;

3) копии установленных законодательством Республики Казахстан документов, подтверждающих трудовую деятельность;

4) справку о состоянии здоровья по форме, установленной уполномоченным органом в области здравоохранения;

5) результаты прохождения тестирования, установленного для соответствующей категории должностей административной государственной службы корпуса «Б»;

6) одну фотографию размером 3x4 см.

Граждане представляют оригиналы документов, указанных в подпунктах 2) и 3), для осуществления сверки, после чего документы возвращаются гражданину.

25. Граждане могут представлять дополнительную информацию, касающуюся их образования, опыта работы, профессионального уровня и личностных качеств (копии документов о повышении квалификации, присвоении ученых степеней и званий, характеристики, рекомендации, научные публикации). Представление копии документа, подтверждающего трудовую деятельность, не требуется в случае, если гражданин не осуществлял трудовую деятельность.

26. В течение трех рабочих дней со дня поступления заявления и документов, предусмотренных в пункте 24 настоящего Положения, уполномоченный орган по делам государственной службы или его территориальный орган принимает решение о зачислении гражданина в кадровый резерв корпуса «Б» соответствующей категории должности административной государственной службы корпуса «Б» или отказе в таком зачислении.

27. Основаниями для отказа в зачислении в кадровый резерв корпуса «Б» являются несоответствие типовым квалификационным требованиям, предъявляемым к соответствующей категории должности административной государственной службы корпуса «Б», требованиям законодательства Республики Казахстан о государственной службе, получение результатов тестирования ниже пороговых значений, установленных уполномоченным органом по делам государственной службы, или непредоставление документов, указанных в пункте 24 настоящего Положения.

### 2.4. Формирование кадрового резерва корпуса «Б» из числа граждан, направленных государственными органами на работу в международные организации или другие государства

28. Право быть зачисленными в кадровый резерв корпуса «Б» у граждан, направленных государственными органами на работу в международные организации или другие государства, возникает с момента возвращения граждан с работы в международных организациях или других государствах и сохраняется в течение трех месяцев после возвращения.

29. Зачисление в кадровый резерв корпуса «Б» граждан, перечисленных в пункте 28 настоящего Положения, осуществляется после прохождения ими тестирования в установленном уполномоченным органом по делам государственной службы порядке.

30. Для зачисления в кадровый резерв корпуса «Б» граждане, указанные в пункте 28 настоящего Положения, подают в уполномоченный

орган по делам государственной службы или его территориальный орган следующие документы:

1) заявление и заполненную анкету по форме, установленной уполномоченным органом по делам государственной службы;

2) копии документов об образовании либо оригиналы документов, подтверждающих завершение обучения, а в случае завершения зарубежного учебного заведения представляется также нотариально заверенный перевод документов об образовании или документов, подтверждающих завершение обучения;

3) копии установленных законодательством Республики Казахстан документов, подтверждающих трудовую деятельность;

4) справку о состоянии здоровья по форме, установленной уполномоченным органом в области здравоохранения;

5) результаты прохождения тестирования, установленного для соответствующей категории должностей административной государственной службы корпуса «Б»;

6) одну фотографию размером 3x4 см.

Граждане представляют оригиналы документов, указанных в подпунктах 2) и 3), для осуществления сверки, после чего документы возвращаются гражданину.

31. Граждане могут предоставлять дополнительную информацию, касающуюся их образования, опыта работы, профессионального уровня и личностных качеств (копии документов о повышении квалификации, присвоении ученых степеней и званий, характеристики, рекомендации, научные публикации).

32. В течение трех рабочих дней со дня поступления заявления и документов, предусмотренных в пункте 30 настоящего Положения, уполномоченный орган по делам государственной службы или его территориальный орган принимает решение о зачислении гражданина в кадровый резерв корпуса «Б» соответствующей категории должности административной государственной службы корпуса «Б» или отказе в таком зачислении.

33. Основаниями для отказа в зачислении гражданина в кадровый резерв корпуса «Б» являются несоответствие типовым квалификационным требованиям, предъявляемым к соответствующей категории должности административной государственной службы корпуса «Б», требованиям законодательства Республики Казахстан о государственной службе, получение результатов тестирования ниже пороговых значений, установленных уполномоченным органом по делам государственной службы, или непредоставление документов, предусмотренных пунктом 30 настоящего Положения.

## 2.5. Занятие административных государственных должностей гражданами, зачисленными в кадровый резерв корпуса «Б»

34. При наличии вакантной административной государственной должности государственный орган до проведения конкурса направляет запрос в уполномоченный орган по делам государственной службы или его территориальный орган о предоставлении списка резервистов на соответствующую категорию. Запрос направляется по форме, утвержденной уполномоченным органом по делам государственной службы.

35. Уполномоченный орган по делам государственной службы или его территориальный орган в течение трех рабочих дней со дня получения запроса направляет перечень резервистов, соответствующих квалификационным требованиям к запрошенной категории должностей административной государственной службы.

36. Государственный орган проводит собеседование с резервистом.

Государственный орган уведомляет резервистов о месте и времени проведения собеседования не позднее чем за пять рабочих дней до его проведения, утверждает перечень вопросов, соответствующих функциональным обязанностям данной должности административной государственной службы корпуса «Б».

37. Государственный орган при принятии решения о занятии вакантной административной государственной должности, в первую очередь, рассматривает кандидатуры лиц, ранее зачисленных в кадровый резерв корпуса «Б» по рекомендации конкурсной комиссии данного государственного органа.

В случае соответствия резервиста, зачисленного в кадровый резерв по рекомендации конкурсной комиссии данного государственного органа, квалификационным требованиям к вакантной административной государственной должности, установленным государственным органом, государственный орган обязан принять данного резервиста на должность.

В случае, если в кадровом резерве корпуса «Б» состоят более одного резервиста, соответствующего установленным квалификационным требованиям, на должность назначается резервист, ответивший на большее количество вопросов при собеседовании.

38. В случае отсутствия в кадровом резерве корпуса «Б» резервистов, указанных в пункте 37 настоящего Положения, государственный орган проводит собеседование с другими резервистами, соответствующими установленным квалификационным требованиям. При этом на должность назначается резервист, ответивший на большее количество вопросов при собеседовании.

39. В случае, если в кадровом резерве корпуса «Б» отсутствуют резервисты по данной категории должностей или соответствующие

квалификационным требованиям к вакантной административной государственной должности, установленным государственным органом, государственный орган проводит конкурс.

40. Государственный орган обязан уведомить уполномоченный орган по делам государственной службы или его территориальный орган о принятом решении в течение пяти рабочих дней со дня получения списка резервистов.

41. На основании письменного уведомления о вышеуказанном решении о занятии вакантной административной государственной должности уполномоченный орган по делам государственной службы или его территориальный орган вносит в кадровый резерв корпуса «Б» соответствующие изменения. Уполномоченный орган по делам государственной службы или его территориальный орган уведомляет резервиста, выбранного государственным органом, направляет его личное дело в государственный орган.

42. Поступление резервиста на государственную службу осуществляется в порядке, предусмотренном законодательством Республики Казахстан, и с соблюдением требований, установленных законодательством Республики Казахстан о государственной службе.

## 2.6. Исключение из кадрового резерва корпуса «Б»

43. Исключение граждан из кадрового резерва корпуса «Б» осуществляется уполномоченным органом по делам государственной службы и его территориальными органами в случаях:

1) занятия резервистом вакантной административной должности государственной службы;

2) подачи резервистом заявления об исключении из кадрового резерва корпуса «Б»;

3) возникновения оснований, не известных или отсутствовавших на момент принятия решения о зачислении в кадровый резерв корпуса «Б», ограничивающих пребывание на государственной службе граждан в соответствии с законодательством Республики Казахстан;

4) истечения сроков, указанных в пункте 7 настоящего Положения;

5) нарушения порядка проведения конкурса на занятие вакантной административной государственной должности;

6) нарушения порядка и условий зачисления в кадровый резерв корпуса «Б», установленных настоящим Положением.

44. В случае изменения категории должностей, по которой граждане были зачислены в кадровый резерв административной государственной службы, их назначение на административные государственные должности корпуса «Б» осуществляется по вновь установленной категории. Назначение

осуществляется в течение года со дня зачисления в кадровый резерв административной государственной службы с согласия резервистов и при условии их соответствия квалификационным требованиям.

______________________________